

## АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІН ОҚЫЛЫМ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ

**Көпеш Күләш Бейсенбайқызы**  
*Назарбаев Университет*  
*Астана қаласы*  
[kkopesh@nu.edu.kz](mailto:kkopesh@nu.edu.kz)

Бүгінгі студент – ертеңгі маман, еліміздің тізгін ұстар азаматы. Әрбір маманды өзінің қызмет ететін ортасында сынайды, бағалайды, таниды, қолдайды. Ел ішіндегі түрлі әлеуметтік салалармен тікелей қарым-қатынаста болады. Қазақ тілін студенттерге үйрету барысында тек бір сала, яғни өз мамандығы бойынша немесе «іс-қағаздарды жүргізе» білуге үйретсе болды деген көзқарастарға байланысты түрлі пікір айтуға болады. Сондықтан қазақ тілін ЖОО студенттеріне үйретудің ғылыми-әдістемелік жүйесін зерделеген мамандардың еңбектерінен бойында ескіден келе жатқан дүниені күркіретер күші бар, бай қазыналы тілдің қоғамдағы барлық салада сөйлегенін көрсететін дүниелердің болғаны аса қажет.

Қазақ тілі сабақтарында студенттерді қазақша ойлауға үйрететін әдістер, амал-тәсілдер мол-мол қолданылуы керек. Қазақ сөздері ойлау актісінің құралына айналмайынша, естігенді, көргенді қайталап айта бергеннен нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Мұны қазақ тілін оқыту тәжірибесі де көрсетіп отыр[1].

Тіл үйретуде Вильгельм фон Гумбольдтың «Тіл дегеніміз – халықтың рухы, рух дегеніміз – халықтың тілі. Дүниеде дәл екеуіндей тепе-теңдікте тұрған басқа құбылыс жоқ» деген сөзіне баға беріп, басты ұстаным етіп алу керек. Рухани сана, рухани есею – адам дамуының ең жоғары деңгейі. Рухани байлықтың бастуы – Абай ілімінде. Ұлы ақынның еңбектерінің ең басты тақырыбы – Адам. Ақын еңбектерінде адамзатты адамгершілікке жетелеу мақсатында жеңілден қиынға, жақыннан алысқа қарай біртіндеп жетелеп, адам өмірінің басты құндылықтарын көрсетеді. Сондықтан Абай өлеңдері, қарасөздерінің қазақ тілі сабақтарында сөйлеу әрекетін дамытудағы орны ерекше.

Жоғары деңгей студенттеріне Абайдың философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымын меңгертіп, ақынның өзі өмір сүрген кезде қоғамда болған жағдайлар, сол кездегі көңіл күйі туралы жазған ғылыми-философиялық трактаттарымен таныстыру – оқылым әрекетін басқа әрекеттермен тығыз байланыстыра отырып меңгерту – біздің мақаламыздың басты мақсаты.

Оқылым әрекеті – басқа сөйлеу әрекеттерімен салыстырмалы түрде студенттердің көпшілігі орындай алатын қызметтердің бірі. Қазіргі таңда тіл үйренуге ниет еткен тіл үйренуші алдымен мәтінге жүгінеді. Сондықтан

мәтінмен жұмыс істей білу қабілеттерін алғашқы сабақтардан бастап меңгерту өз жемісін бермек. Ғалым Ф. Оразбаева оқылымның маңызын төмендегідей жіктейді:

- 1) Тіл үйренуші оқылым арқылы бүкіл тілдік қатынасқа қажетті ақпараттан хабардар болады және оны тілдік қарым-қатынаста керегіне жаратады.
- 2) Оқылымның нәтижесінде әдеби, мәдени, әлеуметтік салалардағы жылдар бойы жиналған адамзаттық тәжірибелер бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, адамдардың қарым-қатынасын жетілдіреді, ішкі ой-санасын дамытады. Ойлау қабілеті мықты дамыған адамның сөйлеу қабілеті де ерекше болады.
- 3) Оқылым әрекеті арқылы көңілге түйгенін тіл үйренуші жинақтайды, сұрыптайды, тұжырымдайды [2].

Сонымен қатар, оқылым әрекеті студенттердің бойында тілдік біліктілікті қалыптастыруға септігін тигізеді. Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды басшылыққа алып, мәтінді меңгерту үшін түрлі тілдік жаттығулар орындату – оқылым әрекетіндегі басты тәсілдердің бірі. Оқылым әрекетін басқа әрекеттерден бөліп қарастыруға болмайды. Оқылым – тыңдалым, оқылым – сөйлесім, оқылым – жазылым әрекеттерінің тығыз байланыста болуы ғана оқытушының күткен оң нәтижесін береді.

Оқылым түрлеріне байланысты ғалымдар екі түрлі пікірді ұстанады. Кейбір әдіскер-тілшілер оқылымды түрлерге бөлудің тиімсіз екенін айтса, кейбір ғалымдар оқылымды түр-түрге бөліп, олардың әрқайсысын сипаттап көрсетеді. Ғалым С.К. Фоломкина оқылымның түрлерін:

- негізгі ақпаратты алуға бағытталған танысу оқылымы;
- мәтін мазмұны бойынша толық ақпаратты алуды көздейтін зерттеу оқылымы;
- нақты ақпарат пен фактілерді тапқы көздейтін іздестіру оқылымы деп бөледі [3].

Оқылым қызметі		
Танымдық	Реттеушілік	Құндылықты-бағдарлы
Білу үшін оқиды	Өзі істей білу үшін оқиды	Жаны рахаттау үшін оқиды
Адамдар, әлем, фактілер және құбылыстар жайында ақпарат алады	Алған ақпаратты өз тәжірибесінде қолдануға тырысады	Жеке тұлға ретінде дамиды, мәдени деңгейін көтереді

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген оқылым қызметінің түрлерін оқытушы мәтін дайындағанда ескеру керек: қай деңгейде, қашан, не үшін қолданатыны туралы анықтап алу.

Оқылым арқылы мәтінді меңгерту үш кезеңнен тұрады: мәтінге дейінгі кезең, мәтінмен жұмыс және мәтіннен кейінгі кезең. Осы кезеңдер бойынша жүргізілген жұмыс түрлеріне тоқталайық.

Мәтінге дейінгі кезеңде тілдік бірліктер мен сөйлеу үлгілерін саралау, оларды мәтін ішінде табу, болжам жасай білу қабілетерін дамытуға бағытталады:

- мәтін тақырыбы бойынша мәтін мазмұнына болжам жасау;
- бірінші абзацты оқып, мәтінде қаралатын мәселелер бойынша сұрақтар құрастыру.
- жаңа сөздерді оқу, түсіну, қайталап оқу;
- сөздікпен жұмыс: түсіндірме, синонимдер сөздіктері;
- берілген сөздерден сөз тіркестерін құру;  
грамматикалық тапсырмалар:
- берілген сөздердің қандай сөз табына, сөйлем мүшесіне жататынын анықтау;
- берілген сөздердің функционалдық қызметін анықтау;
- берілген сөздердің қарама-қарсы мағынасын табу;
- берілген сөздерді басқа сөздермен түсіндіру;
- берілген сөздерді мағыналарына қарай топтастыру;
- сөйлемдердегі дұрыс қойылмаған сөздерді өз орындарына қою (пазл жинау)

#### **Мәтінмен жұмыс**

- мәтінді оқу;
- мәтінді түсіну;
- мәтіннен жаңа сөздермен тіркескен сөздерді табу;
- мәтін мазмұны бойынша бос орындарға қажетті сөздерді жазу;
- мәтін мазмұны бойынша берілген ақпараттарды сәйкестендіру;
- мәтіннің бір бөлігін беріп, жалғасын студенттерге жазғызу;
- мәтіннің соңғы бөлігін беріп, мәтіннің немен басталғанына болжам жасату.

#### **Мәтіннен кейінгі кезең:**

- мәтін мазмұны бойынша кесте толтыру; тест құрастыру.
- мәтін мазмұнына байланысты сұрақ қою, әр сұраққа екі жауап ұсыну;
- бірнеше сөйлем беру, солардың біреуі ғана мәтін мазмұнына сәйкес келеді;
- дұрыс немесе бұрыс жауаптарды анықтау;
- екі түрлі сөйлем беріп, қай сөйлемде ақпараттың кең берілгенін анықтау;
- мәтін ішінен бірнеше сөзді беріп, солармен сөз тіркестерін құру;
- мәтін мазмұны бойынша түсінгенін айту;
- бос орындарға қажетті сөздерді жазу;
- мәтін мазмұнына байланысты берілген сөйлемдерге сұрақ қою;
- мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді табу;
- мәтін мазмұнын әңгімелеу;
- мәтін мазмұны бойынша берілген сөйлемнің жалғасын жазу;

- мәтін мазмұны бойынша жоспар құру;
- мәтін мазмұны бойынша семантикалық карта жасау;
- мәтіндегі кейіпкерлерді суреттеу;
- мәтіннен тұрақты тіркестерді табу;
- белгіленген сөйлемнің мағынасына сәйкес мақал-мәтел мен қанатты сөздерді ажырату;
- мәтін мазмұны бойынша рөлдік ойын ұйымдастыру;
- мәтін мазмұны берілген нұсқалардан дұрыс жауапты табу.

Жоғарыда аталған жұмыс түрлері бойынша, Абайдың бірнеше қарасөзін меңгерту жолдарын қарастырайық.

## БІРІНШІ СӨЗ

### Мәтінге дейінгі кезең:

1. *Берілген жаңа сөздерді оқып, түсіндірме сөздіктің көмегімен түсінігін жазыңыз:* әурешілік, қажу, баянсыз, байлаусыз, қоршылық, дерт, тілемсек, кездеме софылық және т.б.

Мысалы, әурешілік – босқа жан қинаушылық, нәтижесіз іс істеушілік..

2. *Берілген сөздердің синонимдік қатарын табыңыз:*

алысу –	жалығу –
науқас –	қайран қалу –

3. *Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрыңыз:*

өмір, ел, ғылым, білім, пайда, тыныштық, жұмыс.

4. *Берілген сөйлемдердегі сөздерді өз орындарына қойыңыз:*

- Енді, қайтіп, қалған, өткіземіз, өмірімізді, не қылып?
- Қайранмын, соны, өзім де, таба, алмай.

### Мәтінмен жұмыс:

1. *Мәтіннің 1-2 азат жолын оқытып, ары қарай не болатынына болжам жасаңыз:*

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын! (жалғасын айту)

2. *Мәтіннен жаңа сөздермен тіркескен сөздерді табыңыз.*

3. *Мәтіннің негізгі мазмұнын білдіріп тұрған тірек сөздерді анықтап, көшіріп жазыңыз.*

4. *Берілген сұрақтарды мәтіннің мазмұнына сәйкес орналастырып, жауап беріңіз:*

- Мәтінде ғылымды неге тез қартайтатұғын күйік дейді?

- Автордың соңғы шешімі қандай?
- Автор неге мал баққысы келмейді?
- Бала бағу туралы не айтылған?
- Орта жасқа келгенде көрген-білгені туралы қандай ой айтады?

**Мәтіннен кейінгі жұмыс:**

1. Мәтіннен қарама-қарсы құрылымды сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.
2. Мәтін мазмұны бойынша бос орындарға қажетті сөздер мен тіркестерді жазыңыз:

- Енді жер ортасы жасқа келдік: \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік.

- Балалар \_\_\_\_\_ керегінше өздері бағар.

- Не көңілде, не көрген күнінде бір \_\_\_\_\_ жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

- Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны \_\_\_\_\_, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын.

3. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі кестені толтырыңыз:

Автордың ойын өз сөзіңізбен жазыңыз					
Ел бағу	Мал бағу	Ғылым бағу	Дін бағу	Балаларды бағу	Соңғы істейтін ісі

4. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыз, әңгімелеңіз
5. Автор осы қарасөзін жазғанда қандай көңіл-күйде болды деп ойлайсыз?

**ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ**

1. Жаңа сөздерді оқыңыз, түсінігін жазыңыз

Естіген нәрсе –	Көңілге бекіту –	Қайғыға салыну –
Себеп –	Кесел –	Құмарлық –
Ғибрәтлану –	Уайымсыз –	Тоздыру –
Тұшыну –	Ойыншы-	Ғибрат –
Ынтамен ұғу –	күлкішілдік –	

2. Берілген сөздердің қарама-қарсы мағынасын жазыңыз

Ұмытпау –	Салғырттық –
Әуелі –	Қашық болу –

3. Берілген сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырыңыз

Естіген нәрсе, ұмытпау, әуелі, көңілдену, ынтамен ұғу, қашық болу,

4. Берілген мәтінді оқыңыз, түсініңіз

5. Мәтін мазмұны бойынша асты сызылған сөзге назар аударыңыз (араб тілінен енген сөз)

6. Мәтіндегі сөздерді ажыратып, көшіріп жазыңыз

Естіген нәрсені ұмытпау қатөрт түрлі себеп бар: әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші сол нәрсені естігендея көргендегі брәтлану керек көңілденіп тұшыныпынта менуғу керек үшінші сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайталап ойланып, көңілге бекіту керек төртінші ой кеселін нәрселерден қашық болу керек Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық ойыншы күлкі ішілдік я бір қайғығасалыну я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді.

Бұл төрт нәрсе – күллі ақылмен ғылымды тоздыратын нәрселер.

6. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі кестені толтырыңыз

Естіген нәрсені ұмытпау үшін не істеу керек?	Ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер

7. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз

- Абайдың отыз бірінші қара сөзі не жайында?
- Ой кеселдері дегеніміз не?

8. Естіген нәрсені ұмытпау үшін сіз қандай кеңес берер едіңіз?

9. Мәтінге қандай тақырып сәйкес келеді?

10. Дұрыс нұсқаны таңдаңыз (kahoot.it бағдарламасы бойынша да мәтін мазмұнын меңгергендіктерін тексеруге болады)

Ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер:

А) көкірегі байлаулы берік болу

Б) естігенді көңілге бекіту

Ә) қайғыға салыну

В) естіген нәрсені ішінен қайталау

### ОТЫЗ ЖЕТІНШІ СӨЗ

1. Берілген кестедегі тіркестерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз

Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді		Досы көппен сыйлас
Көңілдегі көрікті ой		бағың өскен соң - өзің ғана тілейсің
Досы жоқпен сырлас		қалайша бітіргендігінен емес.
Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің		ауыздан шыққанда өңі қашады

2. Берілген ойды жалғастырыңыз

Әкесінің баласы – \_\_\_\_\_.

Адамның баласы – \_\_\_\_\_.

\*\*\*

Ер артық сұраса да \_\_\_\_\_.

Ез аз сұрар, \_\_\_\_\_.

Абай қарасөздерін оқылым арқылы меңгерту барысында жүргізілетін жаттығу түрлері мұнымен шектелмейді, олар тіл үйрету барысында жаңартылып, толықтырыла береді. Әрбір оқытушы студенттерінің тіл білу деңгейі мен шығармашылық қабілетіне байланысты түрлендіре алады. Оқылым бойынша мәтін мазмұнын қандай деңгейде меңгергенін, түсінген-түсінбегендерін білу үшін бақылаудың тест түрін өткізуге болады. Оқыту мен бағалау қатар жүретіндіктен, оқылымды бағалау күрделі және жан-жақты қарастырылуды талап ететін мәселелердің бірі. Сондықтан бұл мәселелер келесі мақалалардың құзырында болмақ.

Кілт сөздер: Қарасөздер, оқылым, қызмет, жаттығулар, жоғары деңгей, сабақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі» жүйесінің Тұжырымдасы, стандарты мен типтік бағдарламасы./Құрман Н. – Ш.Шаяхметов ТДРҮӘО. – Астана, 2009.
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. Алматы: «Сөздік – Словарь», 2005. – 272 бет.
3. Фоломкина С.К. Обучение чтению на иностранном языке в неязыковом вузе.М., 1987

### Тіркеу формасы

1. **Тегі, аты- жөні:** Көпеш Күлән Бейсенбайқызы
2. **Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы:** педагогика ғылымының магистрі
3. **Баяндаманың тақырыбы:** Абай қарасөздерін оқылым әрекеті арқылы меңгерту жолдары
4. **Жұмыс істейтін орны (ЖОО-ның толық атауы):** Назарбаев Университет
5. **Мекен-жайы және телефон (жұмыс орнының, үйінің):** Астана қаласы, Сауран көшесі 12/2, 39-пәтер
6. **Телефоны, E-mail:** Тел: 8 701 789 59 21; [kkopesh@nu.edu.kz](mailto:kkopesh@nu.edu.kz)  
**Баяндама тақырыбы, секциясы:** ЖОО-да әдебиет пен тілді жаңаша оқыту мәселелері